

ҚР Отбасы құқығы

Отбасы дегеніміз – бұл некеден, туыстықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиелеуге алудың өзгеде нысандарынан туындайтын және отбасылық қатынастарды нығайту мен дамытуға септігін тигізетін, мүліктік және мүлікке қатысты емес жеке бастың құқықтарымен байланысқан адамдар тобы

Отбасылық құқық – отбасылық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы.

Неке – отбасын құрудың негізі болып табылады.

- ✓ Егер неке тіркелмесе де, бірақ еркек пен әйел бірге тұрып, балаларын тәрбиелеумен айналысып жатса, мұны да отбасы деп айтуға болады;
- ✓ Егер кәмелетке толған балалары ата анасымен бірге тұрып, оларға қамқорлық жасап, материалдық көмек көрсетсе бұл да отбасы;
- ✓ Егер кәмелетке толған ағалары мен қарындастары ата анасыз бірге тұрып, бір біріне қамқорлық жасайтын болса бұл да отбасы;

Отбасылық қатынастар – адамдар арасында некеден, туыстықтан, бала асырап алудан, отбасына тәрбиелеу үшін бала алудан туындайтын қатынастар.

Бірақ отбасындағы қатынастардың бәрі бірдей құқық жөнімен реттеле бермейді.

Отбасындағы қатынастар негізінен, *адамгершілік, игілікөнеге* нормалары негізінде реттеледі.

Отбасылық заңнама шарттары

```
graph TD; A[Отбасылық заңнама шарттары] --> B[Некеге тұру]; A --> C[Некені тоқтату]; A --> D[Некені жарамсыз деп санау];
```

Некеге тұру

Некені тоқтату

Некені
жарамсыз деп
санау

Некеге тұру—некеге тұрушы ері мен әйелдің өзара ерікті келісімі және олардың неке жасына жетуі болып табылады.

Некеге тұру шарттары:

- *Некеге тұрушылардың өзара ерікті келісімдерінің болуы;*
- *Неке жасына жетуі;*
- *Некеге тұруға кедергі болатын жағдайлардың болмауы;*

Неке жасы:

- *Еркектер мен әйелдер үшін 18 жас;*
- *Дәлелді себептер болған жағдайда 16 жас;*

Дәлелді себептер:

Баланың дүниеге келу;

Жүкті болуы;

Некеге тұрушылардың біреуінің ұзақ мерзімге іс сапарға кетуі

Некенің тоқтатылуы – ерлізайыптылардың жеке және мүліктік құқық қатынастарының тоқтатылуын айтамыз. Неке заңда айқындалған белгілі бір оқиғалардың тууына байланысты немесе ерлізайыптылардың біреуінің не екеуінің бірдей қалауымен тоқтатылады.

Некені тоқтататын оқиғалар:

- *Ерінің қайтыс болуы;*
- *Соттың ерлізайыптылардың біреуін өлді деп жариялауы;*
- *Некенің бұзылуы (ажырасу)*

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 31бабына сәйкес, егер азамат тұрақты тұратын жерде *үш жыл* бойына ол туралы ешқандай мәліметтер болмаса, егер ол өлім қауіпі төнген жағдайда немесе оның өлімі *алты ай* мерзім ішінде жазатайым оқиғадан болды деп есептеуге негіз болатын жағдайларда хабар ошарсыз кетсе, ол азамат мүдделі адамдардың арызы бойынша сот арқылы өлді деп жариялануы мүмкін.

Егер некеге тұрушы адамдардың біреуі екіншісінен құрылған отбасы мүшелеріне, жеке басының және қоғамның қауіпсіздігіне нақты қатер төндіретін ауруы бар екенін жасырса, онда сотқа *некені жарамсыз деп тану туралы талаппен жүгінуге құқылы.*

Некені жарамсыз деп тану туралы талап қоюға:

- ✓ *Егер неке жасына толмаған адаммен неке қиылса, кімелетке толмаған жұбайы, атаанасы, қорғанышы және қамқоршы орган немесе прокурор құқылы;*
- ✓ *Егер некеге тұруға ерлізайыптылардың бірінің ерікті келісімі болмаған жағдайда;*
- ✓ *Некені қиюға кедергі келтіретін мәнжайлардың бар екенін білмеген жұбайы әрекетке қабілетсіз деп танылған жұбайдың қорғаншысы, оның алдындағы бұзылмаған неке бойынша жұбайы, осы талаптарын бұза отырып қиылған неке арқылы құқықтары бұзылған басқа да адамдар, сондай ақ қамқоршы орган мен прокурор;*
- ✓ *Жалған некеге тұру, некенің жалғандығы туралы білмеген жұбайы;*

Ерлізайыптылардың көзі тірі кезінде неке, олар ажырасса ғана тоқтатылады. Ажырасу арқылы некенің тоқтатылуы:

АХАЖ органдары




Некені бұзу АХАЖ органдарында ерлі зайыптылардың біріккен және жекелеген ерекше жағдайларда жұбайлардың біреуінің өтініші бойынша жүргізіледі;

Сотта заңда белгіленген тәртіп бойынша



Ал сотта некені бұзу ерлі зайыптылардың екеуінің бірлескен, сондай ақ жұбайлардың біреуінің өтініші бойынша жүргізіле береді;

Еліміздегі неке қию көрсеткіші:




2012 жыл –
166474 неке
қиылса

2013 жыл –
167411 неке
қиылса

Нақты:

**2016 жыл неке саны – 140 840
ке дейін өскен**

Еліміздегі неке бұзылу көрсеткіші:



**2012 жыл-
47598 неке
бұзылу**

**2013 жыл-
51510 неке
бұзылу**

Нақты:

**Алнеке бұзылу көрсеткіші
2016 жылда 51775 ке
жеткен**

Назарлаңызға рахмет!

Илектесов Тимур
ИС-17-1